

## Аудан әкімі А. Смайыловтың Ұстаздар күнімен

### ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті ұстаздар, білім беру саласының қызметкерлері және ардагерлері!**

Сіздерді қоңыр күздің тамаша мерекесі – ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздердің өскелең ұрпаққа берген ұлағаттарыңыз әр оқушының жандүниесіне жарық сәуле болып құйылып, жүрегіне ізгілік нұрын ұялатады. «Ұлағаттың ұстазы» - деген теңеулер тек ұстаздарға арналғандығы ақиқат.

Мектеп пен ұстаз - білімнің қайнар көзі, тәрбие-тәлімнің дара орталығы. Білім мен тәрбие берудің әдістері мен талаптары сан рет өзгеріп жатқанымен Отанымыздың өрелі азаматтарын қалыптастырудағы мұғалімнің алатын маңызды орыны еш уақытта өзгермек емес. Тәрбиелі де білімді ұрпақты қалыптастыру сынды жауапкершілігі өте зор міндеттің ұстаздар қауымына жүктелуі осы мамандықтың қаншалықты қастерлі екенін айғақтайды.

#### Қымбатты ұстаздар!

Баршаңызға мерейлі мереке күні мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңыздың амандығын тілей отырып, еліміздің, ауданымыздың атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін демекпін!



### Құрметті ұстаздар!

Мәслихат және депутаттық корпус атынан Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шығығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен есуге бастасын.

Баршаңызға амандық, денсаулық, бейбіт аспан және барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

**Ізгі тілекпен, аудандық мәслихат төрағасы Н. Секенов.**

### Официальная информация

Указом Президента Республики Казахстан от 06.09.2024 года № 645 Инна Анатольевна Лунгу – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

Указом Президента Республики Казахстан от 06.09.2024 года № 645 Кожаква Светлана Александровна – многодетная мать, награждена подвеской «Күміс алқа».

## Алдыңғы толқын - ағалар, кейінгі толқын – інілер...

Халықаралық Қарттар күні – жүрекке ерекше әсер беретін маңызды мереке. «Дүние - үлкен көл, заман - соққан жел, алдыңғы толқын - ағалар, кейінгі толқын - інілер, кезекпенен бөлінер, баяғыдай көрінер» дегендей, ұрпақтар сабақтастығының өмірдегі маңызы бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Аға буын өкілдерінің еселі еңбегінің арқасында бүгінгі тәуелсіз еліміздің рухани және материалдық байлығы жасалып, өнеркәсіп өркендеп, ауыл шаруашылығы саласы мен ғылым дамып, қалалар салынып, білім және денсаулық сақтау жүйесі жетілген еді. Алдыңғы буын қазыналы ұрпақтың өткен өмір мен еңбек жолы – әрқайсымызға үлгі-насихат.

Бұланды аудандық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында дәстүрге сай қазан айының бірінші жұлдызында мерекелік іс-шара өз мәресіне жетіп, оған аудан әкімі Ардақ Смайылов және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абылай Жакупбе-

ков қатысты. Қызмет алушылар мерекелік шараға келген қонақтарды ыстық ықыласпен, шын жүректен, жақсы көңіл-күймен маңызы бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Аға буын өкілдерінің еселі еңбегінің арқасында бүгінгі тәуелсіз еліміздің рухани және материалдық байлығы жасалып, өнеркәсіп өркендеп, ауыл шаруашылығы саласы мен ғылым дамып, қалалар салынып, білім және денсаулық сақтау жүйесі жетілген еді. Алдыңғы буын қазыналы ұрпақтың өткен өмір мен еңбек жолы – әрқайсымызға үлгі-насихат.

Аудан басшысы аға ұрпақ өкілдерін тамаша мерекемен құттықтап, жүрекжарды ізгі тілегін жолдады. Бұланды аудандық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшысы Надежда Ларионова құттықтау сөздерді жалғастырып, белсенді қызмет алушыларға алғыс хаттар тапсырды.

Мерекелік жиын ізгі де жүрекжарды тілектерге, шынайы сезімдерге толды. Әсем ән айтылып, тәтті күй шырқалды. Сахна төрінде қызмет алушылар да өз өнерлерін көрерменге паш етті.

Іс-шараға орай әлеуметтік қызмет алушылардың өз қолымен жасаған өнер бұйымдарының көрмесі дайындалды. Көрмеде орындауда да, идеясы жағынан өзгеше әр түрлі техника мен жанрда дайындалған тамаша туындылар ұсынылды: кесте, тоқыма интерьер



бұйымдары. Сөзсіз, әрбір қолөнер туындысы көздің жауын алатындай көркемдігімен ерекшеленді.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



## Символ единства и преемственности поколений

Первый день октября ознаменован замечательной датой – Днем добра и уважения – Международным Днем пожилых людей. Весь октябрь, пока проходит месячник социальной поддержки пожилых людей и лиц с инвалидностью, мы выражаем искреннюю любовь и безграничное уважение нашим родителям, ветеранам войны и труда, наставникам, благодарим их за терпение, сердечность, умение дать мудрый совет и поддержать в трудную минуту.

Забота о пожилых людях – долг каждого из нас. В наших силах сделать так, чтобы они не чувствовали себя одинокими, всегда были окружены вниманием и теплом.

Представители старшего поколения по праву считаются наставниками. Вы – образец мудрости и опыта, жизненной стойкости и доброты.

Этот день – особый повод выразить искреннюю признательность и глубокое уважение тем, кто внес неоценимый вклад в развитие района, региона и страны. Старшее поколение – хранители традиций, мудрости и жизненного опыта, на которых мы можем всегда опереться. Их энтузиазм и активная жизненная позиция вдохновляют молодежь, показывая, что возраст – не преграда для достижения целей.

В районном Доме культуры в первый день октября состоялся концерт «Қазыналы қарттарым», приуроченный Международному Дню пожилых людей. Творческие коллективы, выступившие на сцене, подготовили разнообразную программу: каждое выступление было исполнено с особой любовью и вниманием к виновникам торжества. Танцевальные и вокальные номера были прои-

заны теплотой, искренностью и уважением к пожилым людям.

Активные представители старшего поколения всегда доказывают, что почтенный возраст не помеха для продолжения активной трудовой, творческой, общественной деятельности. Ни одно общественно значимое событие не проходит без участия наших почетных ветеранов. Ведь истинная молодость определяется не возрастом, а способностью радоваться жизни и делиться этой радостью с окружающими.

Концертная программа «Қазыналы қарттарым» напомнила всем о ценности каждой прожитой минуты и о том, что молодость - это состояние души, которое с каждым годом только расцветает.

**А. АМАНЖОЛОВА.**





## Тарих – өткенді саралау



Тарихын тану – ұрпақ парызы. Азаттықтың ақ таңы атып, жоғымыз табылып, өткеніміз оралып, барымызды бағалай бастаған уақытта еш бұрмалаусыз, боямасыз тарихымызбен танысу аса маңызды. Ал, оны өскелең ұрпаққа мұра етер, санасына сіңіретін, шоқ жұлдызындай жарқырап жол көрсетер, бағыт-бағдар берер зиялы

қауым өкілдері екені анық. Осы орайда ауданымызға есімдері елге танымал тарихшылар, тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар келіп келелі кездесу өткізді. Аудандық кітапханада өткен кездесуге этнограф және тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Омарұлы Артықбаев, С.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Этнос аралық қатынастар және Қазақстан халқы Ассамблеясының толеранттылығы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сатай Мақсұтұлы Сыздықов және тарих ғылымдарының докторы, профессор Мақсат Алпысбес қатысты. Ауданымыздағы қоғам белсенділері, тарих пәнінің мұғалімдерімен кездескен тарихшылар өлкетану, тарихи-географиялық, этнография, топонимикалық және этномәдени зерттеулер тақырыптарына тоқталды. Жамбыл Омарұлы «Ақмола облы-

сы жер-су атауларының қалыптасу тарихы және қазіргі ономастикалық келбеті» жайлы кең мағлұмат берсе, Сатай Мақсұтұлы Түркі дәуіріндегі Орталық және Солтүстік Қазақстан территориясындағы жер-су атаулары: Есіл-Нұра бойы туралы деректерге тоқталды. Мақсат Алпысбес «Бұланды ауданының жер-су атауларының XIX-XX ғасырлардағы өзгерістері:

переселен қозғалыстары туралы» баяндады. Ауданымыздың абыз ақсақалы Төлеубек Жүсіпбеков сөз алып, ауданымыздағы жойылып кеткен жер-су атауларына тоқталып, өз ойын ортаға салды. Жалпы шараға қатысушылар арнайы келген тарихшылардан өздерін толғандырған сұрақтарға жауаптар алды.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



## Мәуліт айының мәні қандай?

Биыл қыркүйек айының ортасынан Мәуліт айы басталды. Мәуліт – Аллаға мадақ айтып, адамзаттың ардақтысы Мұхаммедке (с.ғ.с) салауат жолдайтын ұлық ай. Өкінішке орай соңғы кездері бұл мереке жөнінде жамағаттың пікірі екіге жарылғаны анық. Біреулер «Мәулітті» діни мереке» десе, енді біреулер жоққа шығаруда. Сол себепті осы және басқа да өзекті тақырыптарға жауап іздеп, аудандық мешіттің бас имамы Дәрігерхан Тұрыдақынұлын сөзге тарттық.

### Әңгімемізді жалпы «Мәуліт» мерекесінен бастасақ?

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастайын! Мәуліт мерекесін тойлау Пайғамбарымыздың заманында болмаған. Пайғамбарымыздың заманында болмаған істі ғибадат ретінде жасауды бидғатқа балап жатады. Ал, бидғат дегеніміз кейін жасалған нәрсе дегенді білдіреді. Яғни Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) және оның төрт халифасының заманында болмай олардан кейін ғибадат ретінде жасала бастаған амал. Бірақ бидғаттың түсінігі ғалымдар мен ғұламалар арасында әр түрлі түсіндірмеге ие. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) жеткен хадисте: «...Кейіннен (дінде) шығарылған барлық жаңа нәрселер бидғат, ал барлық бидғат адасушылық», - дейді. Ал, ғалымдардың айтуынша бидғат жақсы және жаман бидғат болып екіге бөлінеді. Дінге кейін қосылса да шариғатқа қайшы емес, Алланың асыл дінін насихаттап, мұсылмандарға пайдасы тиіп, жамандықтан тиып жақсылыққа шақыратын амалдар жақсы бидғатқа жатады екен. Бұл жөнінде көптеген құнды туындылардың авторы Имам Науауи: «Пайғамбарымыздың заманында болмаған барлық істер бидғатқа жатады. Бірақ бидғаттың жақсы мен жаманы бар», - дейді. Ендеше әлемге рақым етіп жіберілген пайғамбарымызға (с.ғ.с) салауат айтып, Ислам құндылығы, ата-анаға құрмет жайлы кең мағлұмат беретін Мәуліт мерекесі жақсы бидғат. Құранда: «Сөзсіз, Аллаһ Тағала және Оның періштелері әрдайым Пайғамбарға салауат айтады. Ей, иман еткендер! Сендерде Оған (Мұхаммедке) салауат айтып, жан-дүниелеріңмен

сәлем жолдаңдар!», - дейді (Ахзаб 56-аят). Аятта көрсетілгендей Пайғамбарымызға тек адамдар ғана емес, Аллаһтың Өзі де және періштелер де салауат айтады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде: «Кімде – кім маған бір рет салауат айтса, Аллаһ Тағала оған он салауат айтады. Әрі он күнәсі кешіріліп, дәрежесі он есе көтеріледі», - дейді. Ендеше басты мақсат Пайғамбарымызға (с.ғ.с) салауат айту болып табылатын Мәуліт мерекесін қалайшы жоққа шығарамыз.

### Жалпы ауданымыздағы діни ахуал қалай?

Аллаға шүкір тұрақты. Аудандық мешітте жат ағымдардың алдын алу мақсатында үгіт насихат жұмыстары жүргізіліп тұрады. Намазхандар, жалпы жастар арасында танымдық сағаттар жүргізіледі. Облыс орталығынан арнайы маман иелерін, телогтарды шақырып жамағат пен кездесу өткізіп тұрамыз. Оқырман қауымға айтарым балаларыңызды бос уақыттарында мешітке жіберіп тұрыңыздар. Өйткені бала мәңгі жандарыңызда болмайды, ертең оқуға түскенде оң, солын әлі танып үлгермеген жастарды жат ағымдар жетегіне алып жатады. Егер балаңыздың шариғи білімі, имани түсінігі болса ол ешқандай басқа ағымдардың арбауына түспейді.

### Аудандық мешіттің ораза айт, құрбан айт кездерінде біршама ауқымды шаралар ұйымдастырылуда?

Қарттар айлығы басталысымен ауданымыздағы көпбалалы, мұқтаж отбасыларға мешіт жастары, жамағат болып тегін көмір түсіріп берудеміз. Айлық аясында қариялармен кездесеміз, қарттар үйіне барамыз. Жалпы алға қойған игі шараларымыз көп. Енді соларды барынша іске асырсақ деп отырмыз. Бізге мұқтаж басқа ұлт өкілдері де көмек сұрап келіп тұрады. Ислам діні ұлтына, ұлысына қарамайды. Ұлық дініміз мұқтаж жағдайда болған кез келген адамға көмек қолын созуға шақырады. Бұл жөнінде екі дүниенің сардары болған Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) жеткен көркем өнегелер бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір хадисінде:



«көршісі аш отырып өзі тоқ отырған бізден емес», - дейді. Бұл жерде көршіміздің қандай ұл екені маңызды емес. Қазақтың: «Көрші хақысы, Тәңір ақысы», - деген осыдан қалған.

### Қазыналы қарттар айлығы басталды, жалпы бүгінгі таңда ақсап тұрған ата-ана қадірі жайлы не айтасыз?

Ата-ананы құрметтеу жөнінде адамзаттың ардақтысы, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алланың разылығы – ата-ананың разылығында, Алланың ашуы – ата-ананың ашуында жатыр», - деп ескерткен. Ал, Құран Кәрімде: «Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ», - деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ, ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле», - дейді «Исра» сүресінің 23-аятында. Ал, қазіргі таңдағы ата-анаға деген құрметсіздіктің азайуы имани тәлім-тәрбиенің аздығы. Ата-ананың қадірін жете түсінбеген жастар өздерін бағып-қағып өсірген әке-шешесінен қартайған шақтарында оп оңай бас тартып жатады. Мұндай олқылықтың алдын алу үшін өскелең жас ұрпақты рухани тәлім-тәрбиемен сусындатқан жөн. Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбатты жүргізген: З. ЖАЙНАРБЕК.

## Құнды болған – телефонды құнсыздандыр

Қоғам дамып, заман өзгерген сайын адамзаттың құндылығының да мәні өзгеріп бара жатыр. Жалпы құндылық деген не?

Заманауи адамдар үшін құндылыққа не жатады деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Құндылық — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті, қоғамдық немесе жеке тұрмыстық өмірінде, оның айналасындағы адамдарға, заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының нәтижесінде орын алады.

Қарым-қатынас демекші, 24 сағатыңызды есепке алып, таразыға салып, кіммен, немен қарым-қатынасымыз үзілмейді екеніне талдау жасаңызшы. Ойға келер жауабыңыз – телефонмен қарым-қатынасыңыздың алдыңғы орынға келетініне күмәнім жоқ.

Қазіргі қоғамда адамдар отбасылық және адами құндылықтарды көгілдір экран немесе ұялы телефонмен алмастырып алған деп айтуға әбден болады.

Қай жерге барсаң да, қай жерде тұрсаң да бір квадрат телефонға үңіліп, айналасында, отбасында, қоғамда не болып жатқанын хабары жоқ жансыз мүсіндерге ұқсаған адамдар тобырын көзің шалады. Көзің шалады да, жаның қынжылады.

Баласын мектептен немесе балабақшадан алған ата-ана баласына емес, ұялы телефонына қарайды, үйіне келген баласын әжесі қарсы алғанын орнына үнді мен түрік сериалдарын жібергісі келмегендіктен, немересіне көз қиығын да салмайды. Әке – диванда,

ана-ас бөлмеде, ал бала ше?

Бала байғұс барлығынан күдер үзгендіктен ол да телефонды, теледидарды жанына жебеу, көңіліне медеу етеді.

Балалар телефоннан бас алмайды, интернет ақылысын улап алған деп үлкендер балаларға кінә артады.

Шын мәнінде, барлығы үлкендерден, ата-анамыздан, ата-әжелерімізден бастау алмайды ма?

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, барлығына заманды кәналап келеміз. Шынтуайтына келгенде, барлығы үлкендерден, ата-анамыздан, ата-әжелерімізден бастау алмайды ма?

«Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, тәрбиенің тал бесігін тербетіп отырған аналарымыз, әжелеріміз, аталарымыз бен әкелеріміз, сіздер құнды етіп алған телефоннан да құнды ұрпақ тәрбиесіне бір көз салып, ұзақ ұйқыдан оянатын кездеріңіз келген жоқ па?

Материалдық құндылыққа жабысып, рухани құндылықтан алыстап кеткеніміз ешкімді толғандырмайды.

Рухы бос адамның өмірі де бос өтіп жатқанына қазіргі қоғам бейнесі дәлел. «Есің барда, еліңді тап» дегендей, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың санасын жаулаған интернет деген індеттен арылудың жолын табайық, ағайын. Адал ұрпақтың ақ жолын табу – бізден емес, сіздерден басталады.

З. АЛШЫНБАЕВА, Макинск қаласының мектеп-лицейінің 10 А сынып оқушысы.

## Құнды болған – телефонды құнсыздандыр

### Құрметті аудан тұрғындары және қонақтар!

Сіздерді 12 қазан күні сағат 10.00-де орталық алаңда өтетін «Күз тартуы» ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне шақырамыз.

\*\*\*

### Уважаемые жители и гости района!

Приглашаем вас на сельскохозяйственную ярмарку «Дары осени», которая состоится 12 октября в 10.00 на центральной площади.



Жайнатып гүлдер ауланы, «Күзгі көктем» құлпырады. Құттықтап бәрін көршілер, Гүл шоқтарын ұсынады.

Жапырақ желмен ұшып билемеген, Бұтақтар жатыр ілген текшеленген. Сырғасын сылдырлатып ақ қайыңдар, Барын төсеп күміс күнге еркелеген.

Табиғат өзгерткен жоқ жасыл реңін, Аққу әлі аялап жүр өзі теңін. Қандай әсем көрініс көл бетінде, Киелі құс, ең сүйікті құсым менің.

Аспанда көрінбейді тыраулаған, Тырналар тізбек тізіп қатарлаған. Түстікке қайтуына еш ойы жоқ, Кешігіп қалмап па екен күзге алданған.

Күнде қызып, оттай маздап, Орақ алды қарқынды. Теңіздей толқып алтын масақ, Ел қамбасын толтырды.

Шаруаның да малын баққан, Қуанышы аз емес. Шүйгін болды шөбі шапқан, Мал қора толды теп тегіс.

Биылғы жыл жиын-терін, Екі есе еселенді. Еңбегі жанып еңбеккердің, Ақталды маңдай тері берекелі.

Е. ҚАРАТАЙҰЛЫ, зейнеткер.



# ҰСТАЗДАР КҮНІ – ДЕНЬ УЧИТЕЛЯ

## АРДАҚТЫ ҰСТАЗДАР! ҚАДІРЛІ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі ұшан-теңіз. Сондықтан ол әрдайым қадірлі тұлға ретінде ерекшеленеді.

Ұлттық тәрбие мен заманауи білімді ұштастырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу – Сіздерге жүктелген абыройлы міндет! Ел мұраты жолында осы міндетті әр кез адал атқарады деп сенеміз.

Баршаңызды төл мерекелеріңізбен тағы да құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық жетістік, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз!

**Ізгі ниетпен, аудандық білім беру бөлімінің басшысы Ә. Жолдыгулова және білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіподақ Кеңесінің төрайымы Қ. Байтемирова.**

## ДОРОГИЕ УЧИТЕЛЯ, РАБОТНИКИ И ВЕТЕРАНЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТРУДА!

Учитель - одна из самых благородных профессий, которая требует бережного отношения со стороны власти и общества. Сейчас много говорится о модернизации отечественного образования, претворяются в жизнь новые методики, новые информационные технологии. Но самое ценное, что было и есть в нашей школе, это конечно - Учитель! Именно поэтому необходимо повышать статус учительской профессии, поддерживать учителей не только морально, но и материально.

Пусть ваша жизнь всегда остается наполненной любовью и вниманием ваших учеников, а государство по достоинству оценивает труд своих лучших граждан. Желаю вам доброго здоровья, оптимизма и энергии, уважения и поддержки ваших коллег и руководства, благополучия вам и вашим родным и близким.

**С наилучшими пожеланиями, руководитель районного отдела образования А. Жолдыгулова и председатель Совета профсоюза работников образования К. Байтемирова.**

## Ветеран благородного и достойного труда

Среди нас живут люди, с первых минут общения с которыми, понимаешь: это очень добрый, приветливый и отзывчивый человек. Вокруг них царит атмосфера доброжелательности и вежливости. К подобному ряду людей относится ветеран педагогического труда Фаина Васильевна Романико.

Она родилась в селе «Қаражар» (Черноярка) Щучинского район, бывшей Кокшетауской области в рабо-

чей семье. Ныне покойные родители с ранних лет приучили своих детей к сельскохозяйственному труду, уважительному отношению старших и стремлению к знаниям.

Как специалиста автотранспортной отрасли отца, участника Великой Отечественной войны И.Т. Сильвановича перевели в Макинский завод по производству поршневых колец начальником транспортного цеха.

Успешно окончив городскую среднюю школу №1, пошла по стопам матери, которая всю жизнь проработала учительницей начальных классов в сельской школе. В 1967 году поступила в Щучинское педучилище. После окончания его с дипломом со средним специальным образованием она принята в родную школу преподавателем начальных классов.

Первые годы были трудности в трудовой деятельности молодого специалиста. Опытные мастера педагогического труда Л. Г. Мартыненко, Н. М. Елина, Е. Б. Борисенко и завуч школы З.П. Безрук оказывали ей практическую методическую помощь.

Со временем накопила хороший опыт работы. В учебно-воспитательном процессе методически удачно использовала различные виды наглядности. На уроках комплексно применяла таблицы, наглядные дидактические материалы, карточки с математическими заданиями, сигнальные карточки, раздаточные материалы, которые используются для индивидуальной работы по грамматике, правописанию и развитию речи для учащихся начальных классов. Все это наиболее рационально помогло учителю раскрыть ту или иную тему урока.

Проводились внеклассные мероприятия воспитательного характера. Были организованы экскурсии на природу, встречи с интересными людьми, проводили спортивные состязания, подвижные игры, участие в художественной самодеятельности коллектива учащихся школы.

Здесь же в городе она встретила своего молодого человека В.П. Романико, влюбленные создали семью. У молодых родились два сына. Они в жизни нашли свое место, славно трудятся на разных отраслях хозяйства.

За сорокалетнюю плодотворную педагогическую деятельность Фаина Васильевна награждена похвальными грамотами областного и районного отделов народного образования.

О своей педагогической деятельности наша героиня может рассказывать часами. Но, у нее как всегда мало свободного времени. Она занимается воспитанием своих любимых внучат и хозяйством во дворе. Все, за что ни берется, получается у нее хорошо. Искренне любя своих воспитанников, она видит в каждом, прежде всего личность, будущих молодых граждан РК.



Пусть Ваша доброта и щедрость души вернутся к Вам сторицей. Поздравляю Вас, дорогая, уважаемая коллега Фаина Васильевна Романико, с профессиональным праздником – Днем учителя и желаю Вам крепкого здоровья, счастливого долголетия, и всех благ на земле.

**Т. ЖУСУПБЕКОВ, ветеран педагогического труда.**



## Ұстаздар отбасы: сабақтастық, бірлік, өнеге

Уыздай ұйыған, қай жағдайда болмасын бір-біріне деген сыйластығы мен махабатын, ізеттілігі мен жылуын аямай қолдай білген берік отбасылар – қоғамның негізі болып табылады десек артық айтпағанымыз болар, ал егер ерлі-зайыптылар екеуі де ұлағатты ұстаздық жолында еңбек етіп жүрсе, бұндай отбасылар ел арасында ерекше мәртебеге ие болары сөзсіз.

Шағын мемлекетінің, яғни, отбасының, шекарасын мықты бекітіп, ішкі тұрақтылықты орнатып, заман ағымына сай дамып, балаларды адами, рухани, иманды тұрғыда тәрбиелеп, бір салада жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп келе жатқан ұстаздар отбасы жайлы әңгіме бастауға ниетіміз бар. Олар – Макинск қаласының тұрғындары, педагогикалық әулет - Болат Күлайхан мен Бердігүл Теңсел отбасы.

Болат пен Бердігүл – Семей қаласындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы Семей мемлекеттік университетінің педагогика факультетінің түлектері. Диплом алып, жоғары білімді ұстаз атанған соң, Бұланды ауданына қоныс аударып, еңбек жолдарын Макинск қаласында бастаған еді. Үйдің ері – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болса, жолдасы Бердігүл физика пәнінің мұғалімі. Қазіргі таңа Бердігүл Теңселқызының 20 жылға жуық еңбек өтілі бар, ал Болат Күлайханұлы алғашқыда «Бұланды таңы»



аудандық газетінің редакциясында әдеби қызметкер ретінде жұмыс жасап, соңғы сегіз жыл Макинск қаласындағы № 2 жалпы білім беретін мектептің ұстазы. Бес жыл бойы аталмыш мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, кейінгі жылдары қызметті тапсырып, қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап жүр.

Болат пен Бердігүл – көпке үлгі болатындай тату-тәтті және төрт бала тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасы. Балалары өздеріндей білімге құштар, тәрбиелі, саналы. Үйдің тұңғышы Әйгерім – мектепті «Алтын белгі» құрметті белгісімен аяқтап, «Қытай тілі» мамандығы бойынша жоғары

маман атанды. Қазіргі таңда аялап өсірген ыстық ұясынан қанаттанып, өз отбасын құрған келіншек мәртебесіне ие. Екінші қыз Айсәуле – мектепті ерекше аттестатқа тәмәмдап, заманауи мамандықты игеруге ниет білдіріп, қазір ІТ-саласының жоғары білімді маманы болып табылады. Әкесінің қолғанаты, асыл тұяғы Айсұлтан – Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейдің тоғызыншы сынып оқушысы, ал үйдің кенже ханшайымы Аяла балалабақшаның тәрбиеленушісі.

Баланы тәрбиелеуде, әрине, ерлі-зайыптылар педагогикалық тәжірибеге жүгінеді, бірақ, әрбір отбасының өзіне сай ерекшелігі, жылулық атмосферасы, бір-бірімен

қарым-қатынас орнату қағидалары өзгеше. Ата-атаның басты мақсаты – баласын тура жолға бағыттап, ақыл-кеңес айтып, барынша қолдап-бағу. Әкесіне қарап ұл, анасына қарап қыз есейсе, тәрбие көзі отбасыда екені дәлелді қажет етпейтін фактор. Осылайша, өз ұяларында алған асыл тәрбиені Болат пен Бердігүл өздерінің отбасында жалғастырып, заманға сай етіп бейімдеп, балаларының әрдайым тірегі мен қорғанышы бола білді. Қандай бастаманы болмасын қол ұстасып, өзара кеңесіп, ортақ шешім қабылдау арқылы жүзеге асырып келеді. Ал бұл дегенеміз – нағыз мықты отбасының үлгісі.

Еңбектің тәтті жемісі –

оқушылардың жетістіктері демекші, Болат пен Бердігүл жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарайтын, берген білімдерінің нәтижесін сараптайтын өз ісіне адал мамандар. Озық тәжірибе мен заманауи әдістемелерді қолданып, кәсіби тұрғыда үнемі білімдерін жетілдіріп келеді.

Ұстаздар отбасын айтулы кәсіби мереке – Ұстаздар күнімен арнайы құттықтап, зор денсаулық, отбасылық береке-бірлік, еңбекте шығармашылық жеміс пен толағай табыстар, балалардың қызығын көріп, тіл-көзден аман болып, елдің оң батасын алып, ұлағатты әулетке айналуы тілейміз.

Мереке құтты болсын!

**А. АМАНЖОЛОВА.**





# ДЕПУТАТТЫҚ БЕТ – СТРАНИЦА ДЕПУТАТОВ

## Системность в решении поставленных задач

На очередной сессии районного маслихата восьмого созыва был рассмотрен отчет акима района о выполнении возложенных на него функций и задач. В связи с рабочим выездом главы района, с докладом перед депутатским корпусом выступила заместитель акима района Кенжебике Исмагамбетова.



Как отметила в начале своего выступления Кенжебике Негметжановна, проведение отчетов акимов всех уровней перед маслихатами является важным звеном дальнейшей демократизации общественно-политической жизни и создания современной системы государственного управления.

Это важный этап анализа проделанной работы и определения планов на перспективу.

Что касается итогов социально-экономического развития и общественно-политической ситуации в районе, то за отчетный период они остаются стабильными. Особое внимание в районе направлено на повышение уровня жизни населения, а также реализацию конкретных мероприятий, изложенных в программных документах Главы государства.

Если отметить основные позиции из отчета, за 7 месяцев 2024 года промышленными предприятиями произведено продукции на 66,9 млрд. тенге, индекс физического объема составил 118,2 %. Основной вклад в рост производства внесли предприятия ТОО «Макинская птицефабрика», ТОО «Жалтыр тас», ТОО «Макинский завод теплоизоляции» и ТОО «Бота-2015».

Важная роль в экономике региона отводится сельскому хозяйству. С начала года объем валовой продукции составил 58,4 млрд. тенге. Также, как отметила докладчик, в текущем

году земледельцами района проведено яровой сев на площади 245,0 тыс. га, в том числе посеяны зерновые и зернобобовые культуры на площади 195,7 тыс. га, масличные культуры – 41,0 тыс. га, кормовые культуры – 4,7 тыс. га, картофель – 465 га, овощи – 5,2 га. С начала года было введено 12 новых объектов – это строительство производственной инфраструктуры для птицефабрики по выращиванию бройлеров, мощностью 60 тыс. тонн в живом весе, строительство сетей теплоснабжения в городе Макинск, протяженностью 2,5 км., строительство материально-технического склада в селе Аккаин, площадью 1092 квадратных метров, строительство наружного освещения в селах Вознесенка и Никольское, протяженностью 19,6 км., на сумму 1081,4 млрд. тенге. Так же, субъектами малого предпринимательства были введены объекты торговли и отдыха на сумму 405,3 млн. тенге.

Депутаты приняли во внимание отчет акима района и высказали предложение, что насущные вопросы, каса-

ющиеся приоритетных проектов, будут непосредственно адресованы главе района в рабочем формате.

О ходе реализации Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021- 2025 годы была представлена информация отдела предпринимательства и сельского хозяйства.

Также на сессии был рассмотрен вопрос внесения изменений и дополнений в решение Буландынского районного маслихата № 8С-10/14 от 16 ноября 2023 года «О предоставлении мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, обра-

зования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Буландынского района, подъемного пособия и социальной поддержки для приобретения или строительства жилья на 2024.

Завершилась сессия принятием решения депутатами по основным вопросам, вносимых на рассмотрение очередной сессии районного маслихата.

А. АМАНЖОЛОВА.



## Аудандық мәслихаттың жұмысы туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңына сәйкес мәслихат жергілікті мемлекеттік басқарудың сайланбалы өкілді органы болып табылады, халықтың еркін білдіруге және іске асыруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындауға және олардың жүзеге асырылуын бақылауға арналған.

Мәслихат өз өкілеттігін сессияларда, тұрақты комиссиялар және өзге де органдар, депутаттар және мәслихат төрағасы арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.



2023 жылғы 30 наурыздағы № 8С-1/4 шешімінің негізінде Буланды аудандық мәслихатының құрылымына келесі тұрақты комиссиялар кіреді: 1) Экономика және бюджет, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия. Комиссия төрағасы - Кенжеғалиев Әлішер Жаныбекұлы; 2) Депутаттық өкілеттік, этика, әлеуметтік сала, экология заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия. Комиссия төрағасы - Алтыбаев Марат Жамкенұлы.

Өз жұмысы барысында 2024 жылы Буланды аудандық мәслихатының тұрақты комиссиялары 20 отырыс (3 көшпелі) өткізіп, ауданнымыздың өміріне қатысты 105 өзекті мәселе қарастырды.

Отырыстарға әкімдер, мемлекеттік бөлімдердің басшылары, мердігерлік ұйымдардың өкілдері қатысады. Бұл аудан дамуының маңызды аспектілерін егжей-тегжейлі талқылауға және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Отырыстардың нәтижелері бойынша қаулылар қабылданады, олар белгіленген жоспарларды іске асыру және түрлі салалардағы жұмысты жақсарту бойынша одан әрі іс-қимылдар үшін негіз болады. Мәслихаттың тұрақты комиссиясы мәслихат органының; мәслихаттың қарауына кіретін, сұрақтарды алдын - ала қарау және дайындау; Қазақстан Республикасының заң актілерін және мәслихат шешімдерін жандандыруға атсалысу; тұрақты комиссияның жұмыс бағытына сәйкес өзінің құзіреті шегінде бақылау қызметін жүзеге асыру үшін құрылған.

Ғ. АНКИНОВ, аудандық мәслихаттың бас маманы.

## О работе районного маслихата

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан и Законом РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» маслихат является выборным представительным органом местного государственного управления, призван выражать и реализовывать волю населения и в соответствии с законодательством Республики Казахстан определять меры, необходимые для ее реализации и контролировать их осуществление.

Маслихат осуществляет свои полномочия на сессиях, через постоянные комиссии и иные органы, депутатов и председателя маслихата в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

На основании решения № 8С-1/4 от 30 марта 2023 года в структуру Буландынского районного маслихата входят следующие постоянные комиссии: 1) Постоянная комиссия по вопросам экономики и бюджета, промышленности, сельского хозяйства и земельных отношений. Председатель комиссии - Алишер Жаныбекович Кенжеғалиев; 2) Постоянная комиссия депутатских полномочий, по вопросам этики, социальной сферы, экологии, законности и правопорядка. Председатель комиссии - Марат Жамкенович Алтыбаев.

В рамках своей работы в 2024 году постоянные комиссии Буландынского районного маслихата провели 20 заседаний (3 выездные), на которых было рассмотрено 105 актуальных вопросов, касающихся жизнедеятельности нашего района.

На заседаниях принимают участие акимы, руководители государственных отделов, представители подрядных организаций. Это позволяет детально обсудить важные аспекты развития района и выработать рекомендации, направленные на улучшение качества жизни наших граждан.

По результатам заседаний принимаются постановления, которые становятся основой для дальнейших действий по реализации намеченных планов и улучшению работы в различных сферах. Постоянная комиссия маслихата является органом маслихата, созданным для: предварительного рассмотрения и подготовки вопросов, относящихся к ведению маслихата; содействию проведению в жизнь решений маслихата и законодательных актов Республики Казахстан; осуществления в пределах своей компетенции контрольных функций в соответствии с профилем работы постоянной комиссии.

Улучшение питания Этот метод помогает предотвращать дефициты питательных веществ, улучшает качество питания и способствует общественному благополучию. Совместные усилия различных секторов общества позволяют добиться

наилучших результатов в реализации фортификации муки для блага всех граждан. Для профилактики железодефицитной анемии у себя и своих близких отдавайте предпочтение обогащенным железом и фолиевой кислотой муке и хлебу. При выборе муки и хлебобулочных изделий руководствуйтесь не только по сорту и качеству, но также обращайте внимание на ее обогащенность нужными витаминами и минеральными комплексами, которые очень необходимы для здоровья человека. Ведь многие при покупке муки даже не задумываются о наличии в ней полезных свойств. Данные о проведенной фортификации обязательно будут отражены производителем на маркировке товара.

Берегите себя и своих близких!

Ж. ЕРНИЯЗОВ, главный специалист Буландынского районного Управления санитарно-эпидемиологического контроля.

Г. АНКИНОВ, главный специалист районного маслихата.

## Значение фортификации муки для обеспечения питания населения

Сегодня большая часть продуктов питания в результате технологической обработки теряет свои полезные свойства. Лучший способ их восстановления – обогащение муки витаминами и микроэлементами (фортификация).

Фортификация муки – это процесс обогащения пищевых продуктов необходимыми питательными веществами с целью предотвращения дефицитов и улучшения общественного здоровья. Фортификация представляет собой процесс внесения в муку небольших объемов витаминно-минерального комплекса, так называемого премикса, во время размолта, что повышает качество и питательную ценность продукции. Хлебопекарные дрожжи, хлеб, хлебобулочные изделия и мучные кондитерские изделия могут обогащаться препаратами йода, витаминами группы В и Е, никотиновой и фолиевой кислотами, водорастворимыми препаратами R-каротина, витаминно-минеральными

добавками.

Для фортификации пшеничная мука выбрана не случайно. Мука является самым простым, дешевым и доступным источником витаминов и железа. Процесс обогащения не меняет вкус, цвет, запах муки, качество выпечки остается обычным. Потребление фортифицированной муки безопасно. Фортификация муки лишь восполняет ценные потери во время обмолта пшеницы, поэтому противопоказаний к потреблению такой муки нет.

В соответствии с пунктом 3 статьи 111 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» от 07 июля 2020 года (далее – Кодекс) пшеничная мука высшего и первого сорта, реализуемая (находящаяся в обороте) на территории Республики Казахстан, подлежит обязательному обогащению (фортификации) железосодержащими витаминами, минералами и другими веществами.

На территории Буландынского района на

сегодняшний день функционируют 2 пекарни и обе пекарни используют фортифицированную муку. По данным статистики за истекший период текущего года произведено более 100 тыс. булок хлеба из фортифицированной муки первого и высшего сорта.

Важность фортификации муки как средства поддержания оптимального питания населения.

Предотвращение дефицитов и поддержание здоровья населения

Фортификация муки предоставляет возможность компенсировать потерю важных питательных веществ в процессе обработки и хранения зерна. Добавление витаминов, минералов и других микроэлементов в муку способствует устранению дефицитов, таких как дефицит железа или фолиевой кислоты, что является ключевым аспектом поддержания общественного здоровья. Среди важнейших проблем современного здравоохранения одно из первых

мест занимает железодефицитная анемия. По данным различных изданий, анемией поражены более трех миллиардов человек в мире.

Процесс дыхания является жизненно важным для любого организма. Единственным веществом в крови, переносящим кислород, является гемоглобин. Для образования полноценного гемоглобина необходимо железо, которое поступает в организм с пищей. При недостатке железа происходит уменьшение уровня гемоглобина, а значит, к клеткам организма поступает мало кислорода, является железодефицитная анемия. Обогащение муки фолиевой кислотой помогает предотвратить родовые дефекты нервной трубки у плода.

Улучшение питания Этот метод помогает предотвращать дефициты питательных веществ, улучшает качество питания и способствует общественному благополучию. Совместные усилия различных секторов общества позволяют добиться

наилучших результатов в реализации фортификации муки для блага всех граждан.

Для профилактики железодефицитной анемии у себя и своих близких отдавайте предпочтение обогащенным железом и фолиевой кислотой муке и хлебу. При выборе муки и хлебобулочных изделий руководствуйтесь не только по сорту и качеству, но также обращайте внимание на ее обогащенность нужными витаминами и минеральными комплексами, которые очень необходимы для здоровья человека. Ведь многие при покупке муки даже не задумываются о наличии в ней полезных свойств. Данные о проведенной фортификации обязательно будут отражены производителем на маркировке товара.

Берегите себя и своих близких!  
Ж. ЕРНИЯЗОВ, главный специалист Буландынского районного Управления санитарно-эпидемиологического контроля.



# ДУНИЕЖУЗІЛІК ПОШТА КҮНІ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ПОЧТЫ

9 октября - Всемирный день почты

## Оперативность. Слаженность. Опыт

Почта является самым первым источником связи, который объединяет и связывает людей, живущих в разных уголках не только одного государства, но и разных континентов. С появлением мобильных телефонов, Интернета значение и важность почты не уменьшились. Сегодня почтовыми отделениями юридическим и физическим лицам оказывается огромный спектр почтовых услуг. Да, несомненно, мир меняется в лучшую сторону. Ныне мы живем в динамичном мире высоких, компьютерных технологий, но миссия почты во все времена будет востребована. Почта - это не только письменная корреспонденция, как многие привыкли думать. «Казпочта» предлагает для населения огромный спектр услуг. Это денежные переводы, многие виды выплат, оплата коммунальных платежей, подписка на печатные издания, страховые услуги, оплата кредитов и мн.др. Вся переписка делового характера до сих пор отправляется почтой. Ведь нет ничего солиднее заказного письма, которое еще имеет юридическую силу. Письма, открытки - тоже миссия почтовой связи. Да и кто, как не почтальон, принесет вам пенсию, газеты и журналы? На отделения почтовой связи в городе и селах ложится огромная ответственность, там почтовые услуги востребованы вдвойне.

Накануне профессионального праздника почтовых работников – Всемирного дня почты, который отмечается 9 октября, мы хотим поздравить небольшой материал представителям важной сферы.

### Талгат Жусупов

старший инкассатор районного филиала почтовой связи. Стаж работы в почтовой сфере – 22 года. В спектр обязанностей входит инкассация и правовая юридическая работа, собственных отделений, доставка и вывоз почты. Тыл любой организации – опытные и преданные своему делу



сотрудники. Конечно, фронт деятельности разбит на разные участки, у каждого свои задачи. Кто-то ведет бухгалтерию, кто-то работает на кассе, кто-то охраняет, кто-то сортирует почту, кто-то развозит, кто-то занимается подпиской, посылками и заказами.



**Мурат Сапаяев** – старший водитель-инкассатор, работает в сфере порядка 10 лет, занимал также позиции охраны. Основная его миссия – развозить почту до населенных пунктов – в любую погоду.



